

Ветеринарлық қауіпсіздіктің кейбір мәселелері

Г.Қ. Шуланбекова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының аға оқытушысы.

Г.А.Қуаналиева

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

kuanalieva.guldanakz@mail.ru

Аннотация. Мал шаруашылығы бүкіл дүние жүзінде қолданысқа енген тәжірибелі сала және көптеген елдердің экономикасында маңызды роль атқарады. Қазіргі таңда ірі қара мал басының көптігі Үнді, Бразилия, АҚШ, Қытай және Аргентина болса, сүт өнімін шығаруда Үнді, АҚШ, Қытай, Германия и Бразилия сияқты елдер алда тұр.

Қазақстан мал шаруашылығындағы ет өнімін экспортқа шығаруды күшейту шараларын 2010 жылдан бастап алға қойды. Экспорт саласын кеңейту, кіші және орта бизнестігі тауарлар мен қызметтердің өндірісін ұлғайту, сондай-ақ аумақтарды дамыту алғы шарттары экономика саясатының басты басымдығы ретінде алға қойылды. Осы саладағы ветеринарлық қауіпсіздік аса маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

Түйінді сөздер: ет шаруашылығы, ет экспорты, ет импорты, мал шаруашылығын құқықтық реттеу, ветеринарлық қауіпсіздік және т.б.

Ветеринария туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339 Заңына сәйкес, ветеринария (ветеринария саласы) - жануарлардың аурулары мен азықтан улануын (зақымдануын) зерделеуге, олардың профилактикасына, диагностикасына, оларды емдеуге және жоюға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға бағытталған арнаулы ғылыми білімдер мен практикалық қызмет саласы болып табылады [1].

Ветеринария латын тілінің "*veterinarius*" — малды бағатын қызметкер, жануарларды емдейтін маман) - жануарлар ауруларының алдын алу, оларды емдеу, мал дәрігерлік сараптау және тексеру арқылы санитарлық тұрғыдан таза жануарлар өнімдерін өндіру нәтижесінде, адамзатты антропозооноз (адамға жұғатын) ауруларынан сақтау, сыртқы қоршаған ортаны қорғаудағы ветеринарлық-санитарлық проблемаларды шешу мәселелері туралы ғылыми ілім. Жануарларды емдеу туралы көне мәліметтер 4 мыңыншы жылдардан бері белгілі. Ветеринарияның дамуы медицина, биология, химия, физика және т.б. табиғаттану ғылымдарының дамуымен тікілей байланысты. Ветеринарияның

ғылым ретінде қалыптасуына К. Алкмеон, Гиппократ, К. Гален, К. Буржела, Э. Дженнер, В. И. Всеволодов, К.И. Скрыбин, С.Н. Вышелесский және т.б. ғалымдар атсалысқан. Қазақстандық ғалымдардың ішінде ветеринария саласындағы Т.М.Телеуғали, А.Т.Манкибаев, С.Қырықбайұлы, Н.Ф.Шуклин, Б.Әкімбеков, Н.Омарбекұлы және басқа да көптеген ғалымдардың құнды еңбектері баршылық.

Ветеринарияның алдында тұрған кезек күттірмейтін мәселелер: жануарларды жұқпалы аурулардан қорғаудың жаңа әдістерін (оның ішінде вирусты және гельминтозды — құрт ауруларды) табу, осы аурулардан адамзатты қорғау, еліміздегі ветеринарлық жағрапияны зерттеу арқылы жұқпалы аурулар таралуының алдын алу, шаруашылық қожалықтарындағы малдарды жұқпалы аурулардан сақтау және ауырған малды емдеу, сөйтіп, мал басының көбеюіне тікелей ықпал ету болып табылады.

Ауыл шаруашылығы — ел экономикасындағы негізгі салалардың бірі. Сондықтан да аграрлық секторды барынша дамытудың орны ерекше. Елімізде мал шаруашылығын дамытуға бағытталған ауқымды жоба қолға алынғандығын атап өткен Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақстандық фермерліктің азық-түлік нарығындағы өңірлік және жаһандық бәсекелестікке сәтті қатысуға мүкіндігі зор. Біз сыртқы нарыққа жыл сайын экспортталатын 60 мың тонна ет жайында айтып отырмыз», — деп атап өтті. Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында берген тапсырмаларды жүзеге асыруда барлық жетістіктеріміз халықтың, қарапайым адамдардың өмір-тұрмысын жақсартуға бағытталуы қажет. Оларды іске асыру үшін жеткілікті көлемде қаражат бөлінген. Олар жергілікті орындарда нақты орындалуға тиіс.

Етті экспорттауда толарсақтан қағатын тосқауыл жеткілікті. Қазақстаннан шыққан ет пен ет өнімдерін іргеміздегі Ресей алып сатарларының өзі алуға құлықты емес. Себеп — біздің етіміз ветеринарлық-санитарлық талаптарға сай келмейді. Ал мұның соңын індетіп іздетсек, ол республиканың ветеринария саласындағы жылдар бойы қордаланып қалған түйінді түйткілдеріне жетелеп апарады. Сол тізбектің ұшынан сосын ауылды жерлерде мал дәрігері мамандарының жеткіліксіздігі, олардың кейбір елді мекендерде мүлде жоқтығы, мал соятын қасапханалардың кемдігі, қолда барының өздері талаптарға жауап бермейтіні, тиісті деңгейде бақылаудың жоқтығы, өңірлерде ара-тұра малдан жұғатын індеттердің орын алуы сынамалап шыға береді.

Ветеринария саласы жеке құрылғаннан кейін бәріміз барлық ветинспекторлар тәуелсіз болып, ветеринарлық талаптарды қадағаламағандары атқарушы органдар мен мал шаруашылығы субъектілерін заңға сәйкес қатаң шаралар қолданады деп үміттендік. Алайда, қазіргі күні, ветеринариялық инспекция жұмысы дұрыс ұйымдастырылмай және өз міндеттерін толық атқара алмай отыр. Бұл қызметте әкімшілік қызметкерлердің көбейуінен басқа өзгеріс байқалмады.

"Қазіргі заманда мал өнімдерін зиянды экологиялық факторлардан сақтау, бола қалған күнде оларға тиісті ветеринарлық-санитарлық баға беру, зиянды

экологиялық факторлардың мал өнімдеріне әсер етуін болдырмау үлкен проблемаға айналды" [2, 20 б].

Кадрларға қатысты айтатын болсақ, ветеринария саласындағы жас мамандардың ауылда жұмыс істеуге ынтасын арттыру тетігін әлі де болса ойластырылмаған. Өкінішке қарай, бұл салада әкімші қызметкерлер саны артқанымен, бағытталған нақты жұмыстар орындалған жоқ. Ауылдық елді мекендерде мамандардың тапшылығын ескерсек, бәсекелестік ортада қызмет көрсететін маман табылмайды. Ветстанцияларды, ветеринариялық пункттерді ғимаратпен қамтамасыз ету мәселесі қарастырылмаған. Қазіргі кезде ветеринарлардың жетіспейтіндігі Үкіметтің биік мінберінен де айтыла бастады. Мәселен, Қазақстанда үш мыңдай елді мекенде мал дәрігері жоқ екен. Жыл сайын еліміз бойынша 500-600 жас ветеринар мамандығын бітіріп, қолына диплом алады. Соның 15-20 %-ы ғана ауылға барады екен. Ресми мәліметтер бойынша, бүгінде отандық ветеринария саласындағы жұмыс орындарының 13 %-ы де бос тұр [3].

Қазақстан Республикасының Прокуратура органдары Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринарлық бақылау комитеті мен жергілікті атқару органдарының қызметінде 2012-2014 жылдар ішінде ветеринария туралы заңнаманың қолданылуына тексеріс өткізді. Ветеринариялық және азықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекет экономикасының дамуының, халықтың денсаулығы мен саулығының негізгі көрсеткіші болып табылады. Елдегі тұрақты эпизоотикалық жағдай оның әлемдік нарыққа кіруіне, экспорттық мүмкіншіліктің дамуына кепіл болады. Соңғы үш жыл ішінде ветеринарлық саланың дамуына мемлекет 80 млрд. теңге бөлді, бұл қаржы эпизоотикалық жағдайдың жақсаруын жеделдетуге, малдың өлім-жітімін төмендетуге, мал басы санының өсуін қамтамасыз етуге тиісті. Осыған қарамастан, өткен уақыт ішінде халыққа экономикалық зиян тигізген ерекше қауіпті аурулардың 1,2 мың ошағы тіркелген. Шамамен 300 мың басқа жуық ауру мал сойылып, жойылды, халықтың шығынын өтеу үшін бюджет қаражатынан 4 млрд. теңге жұмсалды. Сегіз жылдан астам уақыт бойы бес облыс (Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан) эпизоотикалық қолайсыз болып қалып отыр және ет өнімдерін экспорттауға жабық. Тексеріс көрсеткендей, қалыптасқан жағдай жергілікті атқарушы органдар мен инспекциялардың ветеринарлық қызметтері тарапынан жаппай заң бұзушылығымен, ветеринарлық заңнаманың сақталуына тиісті бақылаудың болмауымен, бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалудымен, сонымен қатар, ветеринарлық қызмет жүйесін тиімсіз басқарумен сипатталады.

Ауыл шаруашылығы министрлігі жасаған ауылшаруашылық малдарды сәйкестендірудің деректер базасы бүгінгі таңда өзінің малдарға бірыңғай есеп жүргізу қызметін орындамайды. Мысалы, жылқы басының саны бойынша базада 800 мыңға дейін мал басы жетіспейді, яғни, жалпы іс жүзіндегі санның 44%-ы. Ауылдық ветеринарлық қызметтердің малдың төлдеуі, жойылуы және сойылуы туралы деректерді уақтылы жаңартпайтындарына байланысты қиындықтар туындаған.

Тексерістер бұрын сойылған 11 мыңнан астам бас малдың базада бар екенін көрсетті. Сонымен қатар, мал дәрігерлік пункттердің 29% (2 360-тың 690-ы) ауылдық жерде интернет-байланысының болмауынан базаны қолданудың техникалық мүмкіндігімен қамтамасыз етілмеген. Оған қоса, мал дәрігерлік пункттер жұмыскерлерінің шамамен 65%-ның деректер базасымен пайдалану тәжірибелері жоқ.

Эпизоотикалық ошақтарды анықтағанда қолданылатын шаралардың толық болмауы аурулардың жайылуына ықпал жасайды. Көп жағдайда бруцеллезға шалдыққан малды сойғанда елді-мекенге қолайсыздық сипаты берілмейді және шектеу-карантиндік іс-шаралар жасалмайды. Сонымен қатар, Қазақстанда 2012-2014 жылдар аралығында аурудың бұл түрі екі есе өсті: ұсақ малдың ауыруы – 34-тен 60 мың басқа, ірі қара мал – 36-дан 70 мың басқа дейін. Аурулардың өзге түрлері бойынша да осыған ұқсас жағдай байқалады. Жалпы алғанда осы тексеріс барысында прокурорлар 23 мың заң бұзушылықты анықтады, 750 тұлғаны тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселесі қойыла отырып 800-ден астам заңдылықты бұзуды жою туралы ұсыныс енгізілді, 25 қылмыстық іс тергелуде. Осыған байланысты, Үкіметтің атына заңдылықты бұзуды жою және елдегі эпизоотикалық жағдайды жақсарту бойынша түбегейлі шараларды қолдану туралы ұсыныс енгізілді [4].

Ауылшаруашылық саласын дамытуға Үкімет тарапынан маңызды шаралар іске асырылуда. Ауыл шаруашылығы министрлігі дайындаған «Агробизнес-2020» бағдарламаласы ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жаңа мүмкіндіктер береді. Бағдарламаның негізгі мақсаттарына қол жеткізу үшін төрт бағыт бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Біріншісі – қаржылық сауықтыру. Ол борыштарын өтеу үшін ауылшаруашылық тауар өндірушілерін қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады. Нақтылап айтсақ, несиенің қайтару мерзімін ұзарту және жеңілдетіліп берілетін несие көлемін ұлғайту. Мысалы, «ҚазАгроҚаржы» АҚ тауар өндірушілерге лизингке техника алуға жеңілдік беріп отыр. Лизингке алынатын техниканың жалпы пайызы орта есеппен 12,8 пайыз болған жағдайда 7,0 пайызын мемлекет субсидия ретінде береді, тек 5,8 пайызын фермер төлейді. Жыл сайын ауылшаруашылық саласына сатып алынатын 5,0 мыңнан астам техниканың 60 пайызы осы «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың үлесінде. Тағы бір айта кететін мәселе, инвестициялық жобаларға талап етілетін құжаттар айналымы 19-дан 13-ке дейін қысқарды.

Екіншісі – агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін тауарлардың қолжетімділігін жоғарылату бағыты. Бұл ретте агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кеңес қызметін, білім беру, қаржылық көмек көрсету, жұмыс, тауарлардың экономикалық қолжетімділігін жоғарылату арқылы мемлекеттік қолдау тетіктері жетілдіріле түспек.

Үшіншіден, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін мемлекет тарапынан қамтамасыз ету жүйелерін дамыту үшін фитосанитарлық және ветеринарлық қауіпсіздік жүйесін дамыту, сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымын жетілдіру міндеттерін шешу жоспарлануда. Шаралар фитосанитарлық және ветеринарлық

зертханалар құру және жабдықтауға, фито және ветеринарлық қауіпсіздіктің диагностикасы мен мониторингі, жануарларды таңбалау, аурулардың таралу қаупін төмендету, сондай-ақ, шалғайдағы мал шаруашылығы үшін жайылымдарды суландыруға бағытталмақ.

Төртіншісі – агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру. Осындай игі жобалар ауылда бизнестің дамуына, салаға инвестицияның келуіне, бөлініп жатқан қаржының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Осы бағдарлама негізінде ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында 2013-2020 жылдар аралығына мемлекет тарапынан 3122,2 млрд. теңге бөлу қарастырылған [5].

Бүгінгі күнде өзекті тақырып болып, аумақтағы мал дәрігерлерінің де жағдайын жақсарту танылады. Қазақстанда мал дәрігерлік салада талаптар мен қалыпты құрастыруда және анықтауда «Қазақстан Республикасының Ветеринария туралы» Заңы негіз салушы құжат болып табылады. Мемлекеттің ветеринарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, осының арқасында қазіргі уақытта реттеліп отыр. Бірақ, заңның өзінде "ветеринарлық қауіпсіздік" туралы ұғым жоқ. Біздің пікірімізше, ветеринарлық қауіпсіздік мәселесі жалпы алғанда еліміздің ұлттың қауіпсіздігінің бір салалық бағыты болып табылғандықтан, «Қазақстан Республикасының Ветеринария туралы» Заңына "ветеринарлық қауіпсіздік" түсінігін заңдастыру қажет деп ойлаймыз.

Бүгінгі күні мемлекеттің қалған биоқауіпсіздігінің біртекті саясатын қамтамасыз етуге бағытталған қызметтің бағдарламасы жоқ. Инновация мен қажетті қаржыландыру жүргізілмейді. Бұл мәселенің шешімі ветеринарияның барлық жүйесінің институционалдық күшейтуінде көрінеді, ал қысқа мерзімді күрестің стратегиясы сонымен бірге орташа және ұзақ мерзімді жануарлардың індетсіз немесе жұқпалы індетпен күресу. Сондай-ақ аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстарын енгізу мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Ол үшін ветеринарлы-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, ветеринарлық қадағалаудың нақты құралы қажет [6].

Қазіргі уақытта Қазақстанда кәсіби түрде ойластырып, ғылыми-әдістемелік көмек бере алатын (мал шаруашылық шаруалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алдын алу, таратушы шаралар бойымен нұсқау, кепілдеме беру) ірі ғылыми институттардың бірі – Қазақ ғылыми ветеринариялық зерттеу институты болып табылады.

Аграрлық заңдар және өзге де нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік деңгейде қабылданған тиімді мемлекеттік құқықтық қамтамасыз ету, біздің ойымызша, мал шаруашылық салалардың тиімді дамуына әсер етеді. Ауыл шаруашылық саласының жағдайын жақсарту үшін, малшаруашылығы қызметінің дамуына міндетті түрде қатысты мемлекеттік бағдарламаларды орындау барысында мемлекеттік қадағалаудың тиімді түрін құрастыру қажет. Аталған басқару жүйесі, біздің ойымызша, өзіне мемлекеттік қадағалау және жоғарғы лауазымды тұлғалардың әкімшілік шешімді орындауды тексеруді ғана

қосу емес, сонымен қатар осы саладағы қоғамдық бақылауды да қосу керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ветеринария туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339 Заңы // adilet.zan.kz
2. Мал шаруашылығы өнімдерінің экологиясы: оқу құралы //Т.М.Телеуғали, А.Т.Манкибаев. - Алматы: ҚазҰАУ, 2015. - 296 бет.
3. «Қазақстан Республикасындағы ветеринарлық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру» туралы Үкімет сағатындағы депутат С. Нұрғисаевтың сөйлеген сөзі. // www.parlam.kz/kk/blogs/nurgisayev
4. Ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажет // prokuror.gov.kz
5. Программа «Агробизнес-2020» от 15 января 2013 года // www.minagri.kz.
6. А.А. Султанов, генеральный директор ТОО «Казахский научно-исследовательский ветеринарный институт», доктор ветеринарных наук, профессор - «Завезенному скоту – особое внимание» - Журнал «Аграрный сектор», №1(11), март 2012.

References:

1. Veterinary turaly Kazakstan Respublikasynyn 2002 zhylygy 10 shildedegy N 339 Zany // adilet.zan.kz
2. Mal sharuashylygy onimderinig ekologiyasy: oky kyraly /T. M. Teleugali, A. T. Mankibayev. - Almaty: KAZYAU, 2015. - 296 bet.
3. "Kazakstan Respublikasyndagy veterinarlyk kayipsizdik zhyesin zhetildiriy" turaly Ykimet sagatyndagy deputat S.Nurgisaevtin soilegen sozi // www.parlam.kz/kk/blogs/nurgisayev
4. Veterinarlyk kayipsizdiktі kamtamasyz ety kazhet // prokuror.gov.kz
5. Programma “Agrobusines-2020” ot 15 january 2013 // www.minagri.kz.
6. A.A. Sultanov, the director general of Kazakh Research Veterinary Institute LLP, the doctor of veterinary sciences, professor – “To the delivered cattle – special attention” - jurnal “Agrarnyi Sector”, No. 1(11), march, 2012.

Некоторые вопросы ветеринарной безопасности

Г.К.Шуланбекова, Г.А.Куаналиева

Аннотация. Скотоводство практикуется во всём мире и играет важную роль в экономике многих стран. В настоящее время по поголовью крупного рогатого скота лидируют Индия, Бразилия, США, Китай и Аргентина, а по производству молока - Индия, США, Китай, Германия и Бразилия.

Комплексные меры по усилению экспортного потенциала мясного скотоводства Казахстан предпринял в 2010 году, когда задачи расширения экспорта реального сектора, усиления роли малого и среднего бизнеса в производстве товаров и услуг, а также перспектив регионального развития

были выдвинуты в качестве ключевых приоритетов экономической политики государства. В связи с этим в данной отрасли ветеринарная безопасность является актуальной проблемой на сегодняшний день.

Ключевые слова: скотоводство, экспорт мяса, импорт мяса, правовое регулирование животноводства, ветеринарная безопасность и т.д.

Some questions of veterinary safety

G.K.Shulanbekova, G.A. Kuanaliyeva

Summary. The cattle breeding practices around the world and plays an important role in economy of many countries. Now on a number of cattle India, Brazil, the USA, China and Argentina, and on production of milk — India, the USA, China, Germany and Brazil are in the lead.

Kazakhstan took complex measures for strengthening of an export potential of meat cattle breeding in 2010 when problems of expansion of export of real sector, strengthenings of a role of small and medium business in production of goods and services, and also prospects of regional development were put forward as key priorities of economic policy of the state. In this regard in this branch veterinary safety is an actual problem for today.

Keywords: cattle breeding, export of meat, import of meat, legal reguliroavny animal husbandry, veterinary safety, etc.

Сведения об авторах:

Шуланбекова Гульмира Куралбековна

Старший преподаватель кафедры «Таможенного, финансового и экологического права» Казахского национального университета им. аль-Фараби

Тел. 8 701 835 89 37

Shulanbekova Gulmira Kuralbekovna

Куаналиева Гульдана Амангельдиевна

Доктор юридических наук, профессор кафедры «Таможенного, финансового и экологического права» Казахского национального университета им. аль-Фараби

Тел. 8 701 940 00 97

Kuanaliyeva Guldana Amangeldiyevna

Doctor of Law, Associate Professor of Customs, Financial and Environmental Law Department in Al-Farabi Kazakh National University

